



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӨДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

САБАҚТАСТЫҚТАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАНДЕМ

Орал – 2025 жыл

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының
«Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығы» КММ**

**САБАҚТАСТЫҚТАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТАНДЕМ**

Орал-2025 жыл

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының әдістемелік орталығының
сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтеріне таратуға ұсынылады
Хаттама №1, 28.02.2025жыл.

Құрастырушылар: **Д.Т.Кудашева, С.Х.Сиражева, Ж.Б.Жакина**
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
Білім басқармасының Батыс Қазақстан облысының
әдістемелік орталығының әдіскерлері

Рецензенттер: **Г.К.Джонисова**, Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университетінің қауымдастырылған
профессоры, п.ғ.к.
Ж.М.Нарикова, БҚО Білім басқармасының әдістемелік
орталығының білім сапасын басқару және менеджмент
бөлімінің басшысы, педагог-шебер

«Сабақтастықтағы педагогикалық тандем» авторлық бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты жүйелі ұйымдастыруға бағытталған. Бағдарлама педагогтердің өзара кәсіби ынтымақтастығын күшейтіп, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұндық және әдістемелік бірізділігін қамтамасыз етеді. Балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған бірлескен жоспарлау, диагностика және тәжірибелік жұмыс түрлері ұсынылады. Бағдарлама баланың мектепке бейімделуін жеңілдетуге және педагогтердің серіктестік негіздегі жұмысын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1. ТҮСІНІК ХАТ

Қазіргі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш сынып арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету – баланың білім алу жолындағы бірізділікті сақтаудың негізгі талаптарының бірі. Мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезеңінде бала жаңа ортаға бейімделіп, оқу әрекетінің өзгеше құрылымына, тәртіп пен талаптардың жаңа форматына үйренеді. Осы өтпелі кезеңнің сәтті өтуі педагогтердің кәсіби ынтымақтастығына, білім мазмұнының жүйелі жалғастығына және оқу-тәрбие үдерісінің үйлесімді ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Бағдарламаның өзектілігі

Сабақтастықтың болмауы баланың мектепке бейімделуін қиындатып, эмоциялық күйзеліс, оқуға немқұрайлық, танымдық белсенділіктің төмендеуі сияқты мәселелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан тәрбиеші мен бастауыш сынып мұғалімінің өзара байланысын нығайтып, оқыту әдістері мен талаптарының сәйкестігін қамтамасыз ету – бүгінгі күннің өзекті міндеті. Педагогикалық тандем арқылы ұйымдастырылған сабақтастық баланың үздіксіз және сапалы дамуына жағдай жасайды.

Проблеманың мәні (неге сабақтастық қажет?)

Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы талаптардың, әдістемелердің, қарым-қатынас стилінің әртүрлілігі балаға психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыда қиындықтар тудыруы мүмкін. Проблеманың басты мәні – бірінші сыныпқа келген баланың оқу әрекетіне бірден бейімделуінің күрделілігі. Сондықтан екі деңгей педагогтерінің бірлескен жұмысы, өзара тәжірибе алмасуы, біріккен жоспар құруы – баланың жаңа жағдайға стрессіз өтуінің негізгі кепілі.

Бағдарламаның теориялық негізі

Бағдарлама мазмұны дамыта оқыту теориясына, В.В.Давыдов, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Ш.А.Амонашвили еңбектеріндегі бала дамуының үздіксіздігі және жақын даму аймағы қағидаттарына сүйенеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары басшылыққа алынды.

Бағдарламаның мақсаты

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық тандемін нығайту арқылы білім беру мазмұнындағы сабақтастықты қамтамасыз ету және баланың мектепке психологиялық әрі оқу жағынан дайындық деңгейін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері

- педагогтер арасындағы тұрақты кәсіби байланыс орнату;
- оқу жоспары, әдістер және талаптар бойынша мазмұндық үйлесімділік қалыптастыру;
- балалардың мектепке дайындығын бірлескен диагностика арқылы бағалау;
- сабақтастыққа бағытталған біріккен сабақтар мен іс-шаралар әзірлеу;
- танымдық, тілдік, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды жүйелі дамыту;

- ата-аналармен мектепке даярлық бойынша ақпараттық-әдістемелік жұмыс жүргізу.

Қамтылатын педагогтер мен балалар контингенті

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымның ересек және мектепалды топ/сынып тәрбиешілеріне, бастауыш сыныптың 1-сынып мұғалімдеріне арналған. Сонымен қатар 5–7 жас аралығындағы мектепке дайындық кезеңіндегі балалар қамтылады.

Бағдарламаның практикалық маңызы

Ұсынылған бағдарлама педагогтерге сабақтастықты тиімді ұйымдастыруға жағдай жасап, бірлескен жоспарлау, ортақ сабақ өткізу, әдіс-тәсілдерді үйлестіру сияқты қолданысты механизмдер береді. Бала үшін бағдарлама мектепке психологиялық жайлы өтуді, танымдық белсенділіктің артуын және оқу дағдыларының бірізді дамуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде педагогикалық тандем мәдениеті қалыптасып, білім сапасы жоғарылайды.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықты педагогикалық тандем негізінде жүзеге асырып, педагогтердің бірлескен кәсіби әрекеті арқылы баланың мектепке жан-жақты, жеңіл әрі табиғи бейімделуін қамтамасыз ету.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Педагогтер арасында жүйелі байланыс орнату

- МДҰ тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің өзара ақпарат алмасуын жолға қою.
- Баланың даму ерекшелігі, дайындық деңгейі және жеке қажеттіліктері туралы біріңғай түсінік қалыптастыру.
- Бірлескен отырыстар, кәсіби диалог және әдістемелік кеңестер өткізу.

2. Сабақтастық бағытында бірлескен жоспарлау жүргізу

- Оқу жылының басында ортақ мақсаттар анықтап, біріккен жұмыс жоспарын әзірлеу.
- Оқу іс-әрекеттерінің мазмұны мен талаптарын сәйкестендіру.
- Тәрбиеші мен мұғалімнің бір тақырып аясындағы жұмысын үйлестіріп отыру.

3. Балалардың мектепке дайындығын арттыру

- Баланың негізгі даму бағыттарын (танымдық, тілдік, әлеуметтік, эмоциялық, моторлық) жүйелі дамытуға жағдай жасау.
- 1-сынып талаптарына сәйкестендірілген дағдыларды қалыптастыру: нұсқауды орындау, зейінін шоғырландыру, бастамашыл болу, оқу әрекетіне қызығушылық таныту.
- Ата-анамен бірлесе отырып, баланың психологиялық дайындығын күшейту.

4. Оқыту әдістері мен тәсілдерін үйлестіру

- МДҰ-да қолданылатын ойын технологияларын бастауыш сыныптағы оқу әрекетіне тиімді көшіру.

➤ Әдістердің бірізділігін сақтау: түсіндіру, модельдеу, зерттеушілік әрекеттер, жобалық жұмыстар.

➤ Пәндік ұғымдарды қалыптастыруда терминологияны, тәсілдерді және бағалау өлшемдерін сәйкестендіру.

5. Біріккен іс-шаралар мен сабақтарды ұйымдастыру

➤ «Ашық есік күндері», кіріктірілген сабақтар, сабақ-табиғат, шеберлік сағаттары, экскурсиялар өткізу.

➤ Балаларға 1-сынып ортасын алдын ала таныстыру (сыныппен, мұғаліммен, ережелермен танысу).

➤ Ортақ жобалар мен шығармашылық жұмыстарды іске асыру.

4. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

1. Педагогтерге қатысты күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде тәрбиешілер мен бастауыш сынып мұғалімдері:

Кәсіби құзыреттілік деңгейінде:

- мектепке дейінгі және бастауыш білім мазмұнындағы сабақтастық ұғымын, принциптерін, әдістерін терең меңгереді;
- педагогикалық тандем моделімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады;
- бірлескен жоспарлау, талдау, диагностика жүргізу құралдарын еркін қолданады;
- баланың мектепке дайындығын кешенді бағалай алатын кәсіби стандарттарға сай құзыреттіліктерін жетілдіреді.

Әдістемелік және практикалық тұрғыдан:

- ортақ сабақтар, зерттеу сабақтары, ойын технологиялары негізіндегі іс-шараларды тиімді ұйымдастырады;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру құралдарын дұрыс таңдап, үйлестіре алады;
- мектепке дейінгі және бастауыш буындағы әдістердің өзара байланысын тәжірибеде қолданады;
- педагогтер арасында тұрақты кері байланыс орнап, әдістемелік серіктестік мәдениеті қалыптасады.

Коммуникативтік және ынтымақтастық бағытында:

- тәрбиеші мен бастауыш мұғалімі арасында өзара сенімді, ашық кәсіби қарым-қатынас қалыптасады;
- бірлескен шешім қабылдау дағдысы, командалық жұмыс мәдениеті нығаяды;
- педагогикалық кеңестер, әдістемелік семинарлар және т.б. кәсіби алаңдарға белсенді қатысуы артады.

2. Балаларға қатысты күтілетін нәтижелер

Бағдарлама бала дамуының барлық негізгі саласы бойынша оң өзгерістер әкеледі:

Психологиялық дайындық:

- мектепке баруға қызығушылығы артып, оқу жағдайына оң көзқарас қалыптасады;
- жаңа ортаға тез бейімделіп, эмоциялық күйі тұрақты болады;
- өзін-өзі реттеу, ұйғарым тындау, нұсқауды орындау дағдысы нығаяды.

Танымдық дайындық:

- логикалық ойлау, есте сақтау, зейін, талдау-жинақтау қабілеттері дамиды;
- оқу әрекетінің бастапқы дағдылары (тындау, салыстыру, топтастыру, қорытынды шығару) қалыптасады;
- қарапайым математикалық, тілдік және жаратылыстану түсініктері жүйеленеді.

Әлеуметтік-коммуникативтік дайындық:

- сыныптағы ережелерді сақтап, құрбы-құрдастарымен ынтымақтаса жұмыс істей алады;
- мұғаліммен және ересектермен дұрыс қарым-қатынас құра алады;
- топтық жұмысқа, бірлескен ойындарға, жобаларға белсенді қатысады.

Функционалдық сауаттылық:

- күнделікті тапсырмаларды орындауда дербестік танытады;
- қарапайым оқу құралдарын дұрыс пайдалана алады;
- оқу мотивациясы артып, жаңа білім алуға қызығушылық күшейеді.

3. Білім беру ұйымына қатысты күтілетін нәтижелер

Жүйелік деңгейдегі өзгерістер:

- мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасында тұрақты сабақтастық жүйесі қалыптасады;
- ортақ жоспарлау, ашық есік күндері, біріккен педагогикалық кеңестер дәстүрге айналады;
- әдістемелік жұмыстың сапасы артып, кәсіби мәдениет деңгейі көтеріледі.

Ұйымдастырушылық нәтижелер:

- сабақтастыққа арналған диагностикалық карталар, жоспарлар, іс-шаралар циклы тұрақты қолданысқа енеді;
- мектепке дейінгі және бастауыш буын арасында ақпарат алмасу механизмі реттеледі;
- білім сапасын арттыруға ықпал ететін ортақ стратегия қалыптасады.

4. Ата-аналарға қатысты нәтижелер

- баланың мектепке дайындығы туралы жүйелі ақпарат алады;
- педагогтермен тиімді байланыс орнатады;
- үйде жасалатын дайындық жұмысын дұрыс бағытта жүргізе алады.

Жалпы қорытынды нәтиже

Бағдарлама нәтижесінде педагогикалық тандем мәдениеті орнығып, баланың мектепке жеңіл, сапалы бейімделуі қамтамасыз етіледі және үздіксіз білім беру жүйесінің тиімділігі артады.

5. БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ **(Негізгі бөлім)**

I бөлім. Сабақтастықтың теориялық негіздері

- Сабақтастық ұғымы
- Мектепке дейінгі және бастауыш білім мазмұнының байланысы
- Педагогикалық тандем моделі

II бөлім. Педагогтердің бірлескен әрекеті

- Бірлескен диагностикалау
- Оқу жоспарларын салыстыру
- Әдістемелік үйлестіру (әдістер, ойындар, тапсырмалар)
- Шеберлік сағаттары, тәжірибе алмасу

III бөлім. Баланың мектепке психологиялық дайындылығы

- Эмоционалдық тұрақтылық
- Қарым-қатынас мәдениеті
- Оқу мотивациясын қалыптастыру

IV бөлім. Біріккен сабақтар мен сабақтастық іс-шаралары

- Біріккен сабақтар
- Сабақтастық іс-шаралары
- Күтілетін нәтижелер

V бөлім. Ата-аналармен сабақтастық бағытындағы жұмыс

- Ата-аналарды ақпараттандыру
- Үйде қолдау көрсету
- Бірлескен іс-шаралар
- Күтілетін нәтижелер

I бөлім. Сабақтастықтың теориялық негіздері

1. Сабақтастық ұғымы

Сабақтастық – бұл білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі мектеп) оқу-тәрбие процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін педагогикалық категория. Сабақтастықтың басты ерекшелігі – баланың дамуын кезеңдік, бірізділікпен ұйымдастыру, яғни бір буыннан екіншісіне көшу кезінде білім мен дағдылардың үйлесімді жалғасуы.

Сабақтастықтың негізгі принциптері:

1. **Үздіксіздік** – білім беру мазмұны бір буыннан екіншісіне логикалық байланыста берілуі керек.

2. **Дамытушылық** – әр кезеңде бала алған дағдылары келесі деңгейде тереңдетіліп, кеңейтілуі қажет.

3. **Қарым-қатынас үйлесімділігі** – педагогтер арасындағы бірлескен жұмыс және ата-анамен өзара байланыс сабақтастықты қамтамасыз етеді.

4. **Жеке ерекшелікті ескеру** – әр баланың даму ерекшелігіне сәйкес тәсілдер қолдану.

Сабақтастық ұғымы негізінен баланың оқу әрекетінің тиімділігін арттыру, мектепке психологиялық бейімделуін жеңілдету және білім беру сапасын тұрақтандыру мақсатында қолданылады.

2. Мектепке дейінгі және бастауыш білім мазмұнының байланысы

Мектепке дейінгі білім мен бастауыш сыныптағы білім мазмұны арасында тығыз байланыс орнату – сабақтастықтың негізгі шарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымның мақсаты:

- ✓ баланы мектеп өміріне психологиялық және танымдық тұрғыдан дайындау;
- ✓ негізгі оқу әрекеттерін дамыту: тыңдау, түсіну, салыстыру, топтастыру, қорытынды жасау;
- ✓ әлеуметтік дағдылар мен эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру.

Бастауыш сыныптың мақсаты:

- ✓ мектеп бағдарламасына сәйкес оқу дағдыларын қалыптастыру: оқу, жазу, санау;
- ✓ пәндік түсініктерді жүйелі меңгеру;
- ✓ оқу әрекетіне қызығушылықты арттыру.

Сабақтастықтың байланыс жолдары:

1. Мазмұндық сабақтастық: мектепке дейінгі кезеңде үйретілген дағдылар мен білімнің бастауыш сыныпта жалғасуы.

2. Әдістемелік сабақтастық: әдістер мен тәсілдердің үйлесімі, ойын мен оқу әрекеттерінің арасындағы байланысты қамтамасыз ету.

3. Педагогикалық сабақтастық: тәрбиеші мен бастауыш сынып мұғалімінің бірлескен іс-әрекеті, балалардың даму динамикасын бақылау.

Бұл байланыс балалардың мектепке бейімделуін жеңілдетеді және білім алу мотивациясын арттырады.

3. Педагогикалық тандем моделі

Педагогикалық тандем – мектепке дейінгі тәрбиеші мен бастауыш сынып мұғалімінің бірлескен кәсіби жұмысы, сабақтастықты жүзеге асырудың негізгі механизмі.

Тандемнің негізгі принциптері:

1. **Тең дәрежелі серіктестік:** әр педагог бір-бірінің кәсіби тәжірибесін бағалайды және өз тәжірибесін ортаға салады.
2. **Ақпарат алмасу:** балалардың даму деңгейі, қызығушылықтары, ерекшеліктері туралы тұрақты мәлімет беру.
3. **Бірлескен жоспарлау:** жылдық, айлық жоспарларды бірге әзірлеу.
4. **Қайта байланыс:** сабақ, ҰІӨ және іс-шара нәтижелерін талқылау, түзету ұсыныстарын енгізу.

Тандем моделі негізінде:

- ✓ балалардың мектепке дейінгі және бастауыш кезеңдегі дағдылары үйлесімді дамиды;
- ✓ педагогтер сабақтастық қағидаларын тәжірибеде қолдануды меңгереді;
- ✓ оқу-тәрбие үрдісінде бірізділік пен жүйелілік қамтамасыз етіледі.

Тандемдік әрекеттерге мысалдар:

- ✓ Бірлескен сабақтар, ҰІӨ мен тәжірибелік жұмыстар өткізу;
- ✓ Ойын және зерттеу технологияларын үйлестіру;
- ✓ Баланың даму карталарын ортақ талдау;
- ✓ Ашық есік күндері мен ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру.

II бөлім. Педагогтердің бірлескен әрекеті

Бұл бөлім мектепке дейінгі тәрбиешілер мен бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтастықты жүзеге асырудағы бірлескен кәсіби әрекетін қарастырады. Мұнда бірлескен диагностикалау, оқу жоспарларын салыстыру, әдістемелік үйлестіру және тәжірибе алмасу арқылы педагогикалық тандемнің тиімділігін арттыру жолдары көрсетілген.

1. Бірлескен диагностикалау

Мақсаты: Балалардың мектепке психологиялық, танымдық және әлеуметтік дайындық деңгейін кешенді бағалау.

Міндеттері:

- Балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік, эмоционалдық және моторлық дағдыларын бақылау;
- Мектепке дейінгі және бастауыш кезеңдегі білім мен дағдылардың бірізділігін тексеру;
- Балалардың даму ерекшеліктерін тіркеу үшін ортақ диагностика құралдарын қолдану;
- Диагностикалық нәтижелер бойынша педагогтер арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру.

Әдістері мен формалары:

- Байқау және бақылау парақтары;
- Психологиялық тесттер мен сауалнамалар;
- Балалар жобалары мен ойын әрекеттерін талдау;

- Бірлескен талқылау және қорытынды шығару.

2. Оқу жоспарларын салыстыру

Мақсаты: МДҰ мен бастауыш сынып оқу бағдарламаларының мазмұнын үйлестіру және сабақтастықты қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Жылдық, айлық жоспарларды салыстыру;
- Бірдей тақырыптар мен оқу әрекеттерін кезеңдік дамытуға сәйкестендіру;
- Педагогтерге сабақтастыққа арналған нақты жоспарлық ұсыныстар беру;
- Бір-бірінің әдістемелік тәжірибесін бағалау және тәжірибе жинақтау.

Әдістері:

- Пәндік жоспарларды, оқу тақырыптарын кестелеу;
- Ортақ талқылау отырыстары мен семинарлар;
- Мазмұн үйлесімділігін бағалау үшін критерийлерді қолдану.

3. Әдістемелік үйлестіру (әдістер, ойындар, тапсырмалар)

Мақсаты: Оқыту әдістері мен іс-әрекеттердің сабақтастық қағидаларына сәйкес үйлесімін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- МДҰ-де қолданылатын ойын мен оқу технологияларын бастауыш сыныпқа тиімді көшіру;
- Әдістемелік тәсілдерді (тәжірибе, модельдеу, зерттеу, жобалық жұмыс) бірізді қолдану;
- Баланың жас ерекшелігіне сәйкес тапсырмаларды кезең-кезеңімен беру;
- Сабақтастыққа сай құралдар мен ресурстарды біріктіру.

Әдістері мен мысалдары:

- Интерактивті ойындар, тақырыптық тапсырмалар;
- Талдау, топтастыру, салыстыру арқылы логикалық ойлауды дамыту;
- Біріккен оқу-жаттығу сабақтары;
- Дифференцияланған тапсырмаларды енгізу.

4. Шеберлік сағаттары және тәжірибе алмасу

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және сабақтастық тәжірибесін кеңейту.

Міндеттері:

- Тәрбиешілер мен мұғалімдер арасында тәжірибе бөлісу мәдениетін қалыптастыру;
- Бір-бірінің сабақтарын көріп, тиімді әдістерді игеру;
- Қиындықтарды талқылау және шешімдер ұсыну;
- Оқыту үрдісін жетілдіру үшін жаңа технологияларды тәжірибеге енгізу.

Формалары:

- Шеберлік сағаттары, мастер-класстар;
- Педагогикалық коучинг, воркшоптар;
- Бірлескен тақырыптық зерттеу жобалары;
- Ашық сабақтар, ҰІӨ мен тәжірибе алмасу кездесулері.

5. Күтілетін нәтижелер

Педагогтерге:

- Педагогикалық тандем мәдениеті қалыптасады;
- Бірлескен диагностикалау, жоспарлау және сабақ, ҮІӨ өткізу дағдылары дамиды;
- Әдістемелік үйлестіру арқылы сабақтастық принциптерін тәжірибеде қолданады.

Балаларға:

- Мектепке бейімделу жеңілдейді;
- Сабақ мазмұны мен әдістері үйлесімді болғандықтан оқу әрекеті қызықты әрі тиімді болады;
- Танымдық, әлеуметтік және тілдік дағдылар жүйелі дамиды.

III бөлім. Баланың мектепке психологиялық дайындалуы

Бұл бөлім мектепке дейінгі кезеңнен бастауыш сыныпқа өту барысында баланың психологиялық тұрақтылығын, әлеуметтік дағдыларын және оқу мотивациясын қалыптастыру жолдарын қарастырады. Балаға мектеп ортасына бейімделуге мүмкіндік беретін стратегиялар мен педагогикалық тәсілдер ұсынылады.

1. Эмоционалдық тұрақтылық

Мақсаты:

Баланың мектеп ортасына бейімделуінде психологиялық сенімділігін қалыптастыру, қорқыныш пен қобалжуды төмендету.

Міндеттері:

- Баланың эмоциясын тануға және оны басқаруға үйрету;
- Стресстік жағдайлардан шығу тәсілдерін меңгерту;
- Қолдау көрсету арқылы өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;
- Қиындыққа төзімділік пен сенімділік дағдыларын дамыту.

Әдістері мен формалары:

- Рөлдік ойындар («мектепке бару», «сынып ережесі»);
- Психологиялық тренингтер, релаксациялық жаттығулар;
- Позитивті кері байланыс беру, мақтау жүйесін қолдану;
- Баланың эмоциялық жағдайын бақылау және талқылау.

2. Қарым-қатынас мәдениеті

Мақсаты:

Баланың әлеуметтік дағдыларын дамыту арқылы сыныптағы дұрыс қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Құрдастарымен және ересектермен дұрыс сөйлесу, тыңдау және бірігіп жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;
- Өз ойын жеткізе білу және өзгелерді тыңдау қабілетін дамыту;
- Қақтығысты шешу, келісімге келу және командалық жұмысқа үйрету;
- Әлеуметтік нормалар мен сынып ережелерін меңгеру.

Әдістері мен формалары:

- Топтық ойындар мен жаттығулар;
- Рөлдік ойындар (мысалы, «сыныптағы жағдай», «достарға көмектесу»);
- Топтық жобалық тапсырмалар;

- Әңгіме, пікірталас және кері байланыс сессиялары.

3. Оқу мотивациясын қалыптастыру

Мақсаты:

Баланың оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру, белсенділігін ынталандыру және жауапкершілік сезімін дамыту.

Міндеттері:

- Баланың қызығушылығын арттыру арқылы оқу әрекетіне тарту;
- Оқу тапсырмаларын қызықты, ойын элементтерімен беріп, танымдық қызығушылықты ояту;
- Жетістікті сезіндіру арқылы оқу мотивациясын нығайту;
- Баланың өзін-өзі бағалау және өз жетістіктерін бақылау дағдыларын дамыту.

Әдістері мен формалары:

- Ойын және жобалық тәсілдер арқылы оқу тапсырмаларын беру;
- Баланың жетістіктерін визуалды түрде көрсету (жұлдызшалар, марапаттар);
- Мотивациялық әңгімелер, оқу-саяхаттар, эксперименттер;
- Оқушы мен педагог арасындағы жеке кері байланыс.

Күтілетін нәтижелер:

Балаларға:

- Эмоциялық тұрғыдан тұрақтылық қалыптасады, қорқыныш азаяды;
- Қарым-қатынас дағдылары дамып, сыныптағы топтық әрекетке белсенді қатысады;
- Оқу әрекетіне қызығушылығы артып, өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті қалыптасады;
- Мектеп ортасына сенімді және ынталы қадам басады.

Педагогтерге:

- Баланың психологиялық жағдайын бақылап, қажетті қолдау көрсетуді үйренеді;
- Әлеуметтік және эмоционалдық дайындықты дамыту әдістерін тәжірибеде қолданады;
- Баланың мотивациясын арттыру бағытында бірлескен іс-шараларды ұйымдастырады.

IV бөлім. Біріккен сабақтар мен сабақтастық іс-шаралары

Бұл бөлім мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің біріккен іс-әрекеттерін, сабақтарын және іс-шараларын ұйымдастыру жолдарын қарастырады. Негізгі мақсат – балалардың сабақтастық қағидаларына сәйкес білімін жүйелі түрде дамыту және мектепке бейімделуін жеңілдету.

1. Біріккен сабақтар

Мақсаты: Балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және моторлық дағдыларын сабақтастық принципі бойынша дамыту.

Міндеттері:

- Біріккен сабақтар жоспарын әзірлеу және өткізу;
- Ойын, зерттеу және тәжірибелік әдістерді сабақта қолдану;

- Балалардың оқу әрекетін бақылау және дер кезінде түзету;
- Сабақтың, ҰІӨ тақырыбын МДҰ мен бастауыш сынып бағдарламаларына сәйкестендіру.

Әдістері мен мысалдары:

- **Интеграциялық сабақтар:** математика + логикалық ойындар, тіл дамыту + көркем шығармашылық;
- **Тақырыптық зерттеу сабақтары:** табиғатқа экскурсия, эксперименттер жасау;
- **Рөлдік ойын сабақтары:** «Мектепке дайындық», «Кітапханаға сапар»;
- **Жеке және топтық тапсырмалар:** бірігіп сурет салу, қорытынды жасау, есеп шығару.

2. Сабақтастық іс-шаралары

Мақсаты: Балалардың мектепке бейімделуін жеңілдету және сабақтастықты тәжірибеде жүзеге асыру.

Міндеттері:

- Ата-аналар мен педагогтердің қатысуымен ашық іс-шаралар ұйымдастыру;
- Балалардың сыныптық өмірге бейімделуін қолдау;
- Танымдық қызығушылықты арттыруға арналған іс-шаралар өткізу;
- Балалардың даму динамикасын бақылау және түзету.

Формалары мен мысалдары:

- **Ашық есік күндері:** ата-аналар қатысатын сабақтар, таныстыру ойындары;
- **Шығармашылық жобалар:** бірігіп қолөнер, көркем шығармашылық, тақырыптық плакаттар жасау;
- **Кіріктірілген оқу іс-шаралары:** мектепке дейінгі білім элементтері бастауыш сынып тақырыбымен үйлеседі;
- **Экскурсиялар және тәжірибе сабақтары:** мектеп кітапханасы, спорт залы, табиғатқа сапар.

3. Күтілетін нәтижелер

Балаларға:

- Сабақтастыққа сай дағдылар жүйелі түрде дамиды;
- Мектеп ортасына психологиялық бейімделуі жеңілдейді;
- Танымдық, әлеуметтік, тілдік және шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Бірлескен іс-шараларға белсенді қатысып, өзін сенімді сезінеді.

Педагогтерге:

- Біріккен сабақтар мен іс-шараларды ұйымдастыру тәжірибесі артады;
- Сабақтастық қағидаларын нақты тәжірибеде қолдануды меңгереді;
- Бірлескен жұмыс мәдениеті қалыптасады;
- Балалардың даму деңгейін жүйелі бақылау әдістерін үйренеді.

V бөлім. Ата-аналармен сабақтастық бағытындағы жұмыс

Бұл бөлім баланың мектепке дейінгі кезеңнен бастауыш сыныпқа өту барысында ата-аналардың рөлін және педагогикалық тандем арқылы олардың сабақтастық үдерісіне қатысуын қарастырады. Негізгі мақсат – ата-аналарды

баланың дамуы мен мектепке бейімделу процесіне тиімді тарту және білім беру сапасын арттыру.

1. Ата-аналарды ақпараттандыру

Мақсаты: Ата-аналарды мектепке дейінгі және бастауыш буын арасындағы сабақтастық үдерісі туралы хабардар ету.

Міндеттері:

- ✓ Баланың даму деңгейі мен мектепке дайындығы туралы ақпарат беру;
- ✓ Сабақтастықтың маңыздылығы мен мақсаттарын түсіндіру;
- ✓ Ата-аналардың рөлін нақтылау, оқу-тәрбие үрдісіне қатысу жолдарын көрсету.

Әдістері мен формалары:

- ✓ Түсіндірме жиналыстар;
- ✓ Ата-аналарға арналған ақпараттық парақтар, буклеттер;
- ✓ Вебинарлар, онлайн кеңестер, электрондық хабарламалар.

2. Үйде қолдау көрсету

Мақсаты: Баланың мектепке психологиялық және оқу дайындығын күшейту үшін ата-аналарды бағыттау.

Міндеттері:

- ✓ Үйде оқу және ойын әрекеттерін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық беру;
- ✓ Баланың оқу әрекеттеріне қызығушылығын арттыруға көмек көрсету;
- ✓ Тәрбиеші мен мұғалімнің ұсынымдарына сәйкес үй тапсырмаларын орындауға үйрету;
- ✓ Баланың даму динамикасын бақылауға ата-аналарды тарту.

Әдістері мен формалары:

- ✓ Үй тапсырмалары мен ойындар үлгілерін беру;
- ✓ Көрнекі материалдар, оқу құралдарын қолдану;
- ✓ Кері байланыс парақтары, ата-аналық бақылау журналдары.

3. Бірлескен іс-шаралар

Мақсаты: Ата-аналарды мектепке дайындық үдерісіне тарту және сабақтастық тәжірибесін қолдау.

Міндеттері:

- ✓ Ашық сабақтар, шығармашылық жобалар, тақырыптық мерекелер ұйымдастыру;
- ✓ Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеттерін қолдау;
- ✓ Мектеп ортасымен таныстыру іс-шараларын өткізу;
- ✓ Сабақтастыққа қатысты ата-аналар ұсыныстарын жинау және бағалау.

Формалары мен мысалдары:

- ✓ Ашық есік күндері: ата-аналар сабаққа қатысып, балалармен бірге әрекет етеді;
- ✓ Бірлескен шығармашылық жобалар: қолөнер, көркем сурет, плакат жасау;
- ✓ Экскурсиялар мен ойын-сапарлар: мектеп залдарын, кітапханасын, спорт алаңын таныстыру;
- ✓ Топтық семинарлар: ата-аналар мен педагогтердің тәжірибе алмасуы.

4. Күтілетін нәтижелер

Балаларға:

- ✓ Ата-аналардың қолдауы арқасында психологиялық сенімділік және оқу әрекетіне қызығушылық артады;
- ✓ Сабақтастық үдерісінде белсенді қатысады;
- ✓ Мектеп ортасына бейімделуі жеңілдейді;
- ✓ Әлеуметтік және коммуникативтік дағдылары дамиды.

Педагогтерге:

- ✓ Ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыру тәжірибесі артады;
- ✓ Үздіксіз ақпарат алмасу арқылы баланың даму динамикасын бақылау мүмкіндігі туады;
- ✓ Сабақтастыққа ата-аналарды тартудың тиімді әдістерін меңгереді;
- ✓ Бірлескен іс-шараларды жоспарлау және өткізу дағдылары дамиды.

Ата-аналарға:

- ✓ Баланың мектепке дайындығы туралы жүйелі ақпарат алады;
- ✓ Үйде баланы қолдау бойынша нақты ұсыныстар алады;
- ✓ Мектеп және мектепке дейінгі ұйым өміріне белсенді қатысады;
- ✓ Баланың оқу мотивациясын қолдауға мүмкіндік алады.

6. ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Бұл бөлім мектепке дейінгі тәрбиешілер мен бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтастықты жүзеге асырудағы педагогикалық әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі формалары мен әдістерін қарастырады. Сонымен қатар практикалық жұмыстар, сценарийлер мен жобалық іс-шаралар мысалдары көрсетілген.

1. Тандем-сабақ

Мақсаты: Педагогикалық тандемнің тиімділігін арттыру, сабақтастық қағидаларын тәжірибеде қолдану, балалардың оқу әрекеттерін үйлестіру.

Міндеттері:

- ✓ Бірлескен сабақтарды жоспарлау және өткізу;
- ✓ Балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік дағдыларын сабақта дамыту;
- ✓ Әдістер мен құралдарды үйлестіру.

Практикалық жұмыстар мен сценарийлер:

- ✓ **Интеграциялық сабақ:** «Сан мен пішін» – математикалық тапсырмалар мен логикалық ойындарды біріктіру.
- ✓ **Рөлдік ойын:** «Мектепке дайындық» – балалар сынып ережесін үйренеді, өздерін сыныпта сезінеді.
- ✓ **Зерттеу сабақтары:** «Табиғатты зерттеу» – мектепке дейінгі балалар бақшаны зерттеп, бастауышта қорытынды есеп жасайды.
- ✓ **Дифференцияланған тапсырмалар:** әр топқа жас ерекшелігіне сәйкес ойын немесе тапсырма беру.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Педагогтердің бірлескен әрекеті тиімді ұйымдастырылады;
- ✓ Балалардың сабаққа қатысуы белсенді, оқу әрекетіне қызығушылықтары артады.

2. Бақылау және диагностика

Мақсаты:

Балалардың мектепке психологиялық және оқу дайындығын, педагогикалық тандемнің тиімділігін жүйелі бақылау.

Міндеттері:

- ✓ Танымдық, тілдік, әлеуметтік, эмоциялық және моторлық дағдыларды бағалау;
- ✓ Баланың даму ерекшеліктерін анықтау және жеке жоспарын түзету;
- ✓ Педагогтердің сабақтастыққа сай әрекетін бағалау.

Практикалық әдістер:

- ✓ **Бақылау парақтары:** әр баланың оқу әрекеттерін күнделікті тіркеу.
- ✓ **Сауалнама:** педагогтер мен ата-аналар арқылы кері байланыс алу.
- ✓ **Портфолио:** шығармашылық жұмыстар, суреттер, жобалар жинағы арқылы динамиканы бақылау.
- ✓ **Кейс-стади:** «Баланың сабаққа бейімделуі» жағдайларын талдау.
- ✓ **Күтілетін нәтижелер:**
- ✓ Балалардың даму деңгейі жүйелі бақыланады;
- ✓ Педагогтер сабақтастықты тәжірибеде тиімді қолдануды меңгереді.

3. Коучинг және воркшоп

Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, сабақтастыққа қатысты тәжірибелік дағдыларын жетілдіру.

Міндеттері:

- ✓ Педагогтердің кәсіби серіктестік мәдениетін қалыптастыру;
- ✓ Сабақтастық принциптерін практикада қолдану дағдыларын дамыту;
- ✓ Қиындықтарды талдау және шешу жолдарын іздеу.

Практикалық форматтар:

- ✓ **Шеберлік сағаттары:** «Балаларды ойын арқылы оқыту» – тәжірибе алмасу және әдіс-тәсілдер көрсету.
- ✓ **Воркшоп:** «Сабақтастыққа арналған жоспар жасау» – нақты тақырып бойынша топтық жоспар әзірлеу.
- ✓ **Коучинг сессиялары:** педагогтерге кері байланыс беру, проблемалық жағдайларды талдау.
- ✓ **Кейс-стади:** «Баланың сыныпқа бейімделуін бақылау және түзету» сценарийі.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Педагогтердің сабақтастыққа қатысты дағдылары артады;
- ✓ Бірлескен жоспарлау және іс-әрекет тиімділігі өседі.

4. Шығармашылық жобалар

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сабақтастықты тәжірибеде жүзеге асыру, топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- ✓ Бірлескен шығармашылық жұмыстарға балаларды тарту;
- ✓ Тақырыптық жобаларды ұйымдастыру арқылы оқу әрекетін қызықты ету;
- ✓ Жобаларды орындау барысында сабақтастық қағидаларын қолдану;
- ✓ Ата-аналар мен педагогтердің бірлескен тәжірибесін арттыру.

Практикалық жобалар мен сценарийлер:

- ✓ **Тақырыптық жобалар:** «Менің алғашқы сыныбым» – мектепке дейінгі және бастауыш балалар бірігіп сынып туралы плакат жасайды.
- ✓ **Шығармашылық көрме:** «Табиғат әлемі» – табиғат зерттеу жобалары, қолөнер жұмыстары, көркем суреттер.
- ✓ **Ғылыми эксперименттер:** «Су мен топырақ» – балалар бірігіп тәжірибе жасайды, нәтижелерді бастауышта қорытындылайды.
- ✓ **Рөлдік сценарийлер:** «Кітапханаға сапар», «Сынып ережесі» – балалар практикалық дағдыларын дамытады.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Балалардың шығармашылық ойлау қабілеті дамиды;
- ✓ Сабақтастыққа сай дағдылар тәжірибеде бекітіледі;
- ✓ Педагогтер мен ата-аналар арасындағы бірлескен іс-әрекет күшейеді;
- ✓ Балалар топтық жұмысқа және өз бетімен шешім қабылдауға үйренеді.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықты кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағытталған. Кезеңдер педагогикалық тандемнің тиімділігін арттыру және балалардың мектепке дайындық деңгейін көтеру үшін құрылды.

1. Дайындық кезеңі (1-2 апта)

Мақсаты: Бағдарламаны енгізуге дайындық жасау, педагогтер мен ата-аналарды хабардар ету.

Әрекеттері:

- ✓ Педагогтер арасында сабақтастыққа арналған шеберлік сағаттарын өткізу;
- ✓ Бірлескен жоспарлау және оқу бағдарламаларын салыстыру;
- ✓ Ата-аналарға бағдарлама туралы ақпарат беру, түсіндірме жиналыстар ұйымдастыру;
- ✓ Диагностикалық құралдар мен бақылау парақтарын әзірлеу.

Нәтижесі:

- ✓ Педагогтер мен ата-аналар сабақтастықтың маңызымен танысады;
- ✓ Бағдарламаны іске асыруға дайындық жүргізіледі.

2. Диагностикалық кезең (2 апта)

Мақсаты: Балалардың мектепке психологиялық және оқу дайындығын бағалау.

Әрекеттері:

- ✓ Танымдық, тілдік, әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын диагностикалау;
- ✓ Бақылау парақтары мен тесттер арқылы ақпарат жинау;
- ✓ Нәтижелерді талқылау және жеке даму жоспарын жасау.

Нәтижесі:

- ✓ Балалардың даму деңгейі анықталады;
- ✓ Бірлескен сабақтарды жоспарлау үшін деректер дайын болады.

3. Негізгі кезең (4-6 апта)

Мақсаты: Сабақтастықты тәжірибеде жүзеге асыру, балалардың мектепке бейімделуін қолдау.

Әрекеттері:

- ✓ Тандем-сабақтарды өткізу (интеграциялық сабақтар, рөлдік ойындар, зерттеу жобалары);
- ✓ Коучинг, шеберлік сағаттары және воркшоптар арқылы педагогтердің кәсіби әрекетін үйлестіру;
- ✓ Балалардың әлеуметтік және танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу;
- ✓ Біріккен шығармашылық жобаларды ұйымдастыру.

Нәтижесі:

- ✓ Педагогикалық тандем қалыптасады;
- ✓ Балалардың мектепке психологиялық және оқу бейімділігі артады;
- ✓ Сабақтастыққа сай дағдылар тәжірибеде бекітіледі.

4. Мониторинг және бағалау кезеңі (2 апта)

Мақсаты: Бағдарламаның тиімділігін бағалау және түзету шараларын енгізу.

Әрекеттері:

- ✓ Сабақтар мен іс-шараларды бақылау және талдау;
- ✓ Педагогтер мен ата-аналардан кері байланыс алу;
- ✓ Балалардың даму динамикасын бағалау, портфолио мен бақылау парақтарын талдау;
- ✓ Бағдарламаны жетілдіру бойынша қорытынды есеп дайындау.

Нәтижесі:

- ✓ Бағдарламаның тиімділігі анықталады;
- ✓ Сабақтастыққа қатысты педагогикалық тәжірибе жетілдіріледі;
- ✓ Балалардың мектепке дайындығы нақты бағаланады және қажет түзетулер енгізіледі.

5. Қорытынды кезең (1 апта)

Мақсаты: Бағдарламаны қорытындылап, нәтижелерін қорытынды есеп арқылы көрсету.

Әрекеттері:

- ✓ Педагогтер мен ата-аналарға қорытынды презентация жасау;
- ✓ Біріккен іс-шаралар мен жобаларды көрсету;
- ✓ Балалардың жетістіктерін марапаттау, сертификаттар беру;
- ✓ Алдағы кезеңге ұсыныстар мен түзетулер әзірлеу.

Нәтижесі:

- ✓ Бағдарламаның барлық кезеңі қорытындыланады;
- ✓ Сабақтастық тәжірибесі жүйеленеді;
- ✓ Балалардың мектепке дайындық деңгейі көрнекі түрде көрсетіледі.

8. БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ

Бағалау және мониторинг бөлімі педагогикалық тандемнің тиімділігін, педагогтердің кәсіби әрекетін және балалардың мектепке психологиялық және оқу дайындығының динамикасын бақылауға бағытталған.

1. Педагогтің жұмысы

Мақсаты:

Педагогтің сабақтастыққа қатысты кәсіби әрекетін және бірлескен жұмыс сапасын бағалау.

Бағалау критерийлері:

- ✓ Бірлескен жоспарлау мен сабақтарды өткізу белсенділігі;
- ✓ Сабақтастық қағидаларын тәжірибеде қолдану;
- ✓ Педагогикалық коммуникация және тәжірибе алмасу мәдениеті;
- ✓ Балалардың дамуына бағытталған іс-әрекетті ұйымдастыру.

Әдістері:

- ✓ Сабақтар мен іс-шараларды бақылау (бақылау парақтары, видеожазба);
- ✓ Коучинг және шеберлік сағаттары арқылы кері байланыс;
- ✓ Педагогтердің өз-өзіне бағалау және әріптестік бағалау сессиялары;
- ✓ Тәжірибелік талқылаулар мен кейс-стади.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Педагог сабақтастыққа сай тиімді әрекет жасайды;
- ✓ Бірлескен жоспарлау мен сабақ өткізу дағдылары дамиды;
- ✓ Сабақтастық принциптерін тәжірибеде қолдану деңгейі артады.

2. Баланың даму динамикасы

Мақсаты:

Балалардың психологиялық, әлеуметтік, танымдық және оқу дайындық деңгейін жүйелі бақылау.

Бағалау критерийлері:

- ✓ Эмоциялық тұрақтылық, қорқыныш пен қобалжудың төмендеуі;
- ✓ Қарым-қатынас және топтық әрекет дағдыларының дамуы;
- ✓ Танымдық және тілдік дағдылардың өсуі;
- ✓ Сабаққа және оқу әрекетіне қызығушылық, белсенділік.

Әдістері:

- ✓ Диагностикалық бақылау парақтары және тесттер;
- ✓ Портфолио арқылы шығармашылық және оқу жетістіктерін жинау;
- ✓ Кері байланыс сауалнамалары (педагог және ата-ана);
- ✓ Баланың әрекетін бақылау, бейнежазба немесе бақылау парақтары арқылы талдау.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Балалардың мектепке психологиялық және оқу дайындық деңгейі көрінеді;
- ✓ Сабақтастыққа сай дағдылар қалыптасады;
- ✓ Танымдық және әлеуметтік қабілеттері дамиды.

3. Тандем тиімділігін бағалау картасы

Мақсаты:

Педагогикалық тандемнің сабақтастықты жүзеге асырудағы тиімділігін нақты бағалау.

Бағалау критерийлері:

- ✓ Бірлескен жоспарлау мен сабақтарды үйлестіру деңгейі;
- ✓ Педагогтердің өзара әрекеттестігі және тәжірибе алмасу белсенділігі;
- ✓ Балалардың сабаққа қатысуы мен дамуының нәтижелері;
- ✓ Сабақтастық қағидаларының нақты тәжірибеде қолданылуы.

Құралдары:

- ✓ Бағалау картасы (әр критерийге 1-5 баллдық шкала);
- ✓ Педагогтердің өз-өзіне бағалау парақтары;
- ✓ Кері байланыс журналдары (ата-ана, педагог);

- ✓ Бірлескен сабақтар мен іс-шаралардың бақылау парақтары.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Тандемдік жұмыс тиімділігі анықталады;
- ✓ Сабақтастыққа сай педагогикалық тәжірибе жүйеленеді;
- ✓ Бағдарламаны жетілдіру үшін нақты ұсыныстар дайындалады.

Бағалау және мониторингтің практикалық құралдары

1. Педагогтің жұмысына арналған бақылау кестесі

Критерийлер	Бағалау деңгейі (1-5)	Байқау күні	Педагогтің өзін-өзі бағалауы	Қосымша ескертпелер
Бірлескен жоспарлау және сабақтарды үйлестіру				
Сабақтастық қағидаларын тәжірибеде қолдану				
Педагогикалық коммуникация мен тәжірибе алмасу				
Балалардың дамуына бағытталған іс-әрекет				

Нұсқаулық:

- ✓ 1 – төмен деңгей, 5 – өте жоғары деңгей.
- ✓ Педагогтің өзін-өзі бағалауы мен бақылаушының бағасы салыстырылады.
- ✓ Қосымша ескертпелерде нақты мысалдар мен ұсыныстар көрсетіледі.

2. Баланың даму динамикасын бақылау кестесі

Баланың аты-жөні	Эмоциялық тұрақтылық	Қарым-қатынас дағдылары	Танымдық дағдылар	Тілдік дағдылар	Сабаққа қатысу/белсенділік	Байқау күні	Педагогтің ескертпелері

Нұсқаулық:

- ✓ Әр баған бойынша 1-5 шкала қолдануға болады (1 – төмен, 5 – өте жақсы).

- ✓ Байқау күнін жазу арқылы динамиканы кезең-кезеңімен бақылауға мүмкіндік береді.

3. Тандем тиімділігін бағалау картасы (үлгі)

Критерий	Сипаттама	Бағалау шкаласы (1-5)	Пікір/Ескертпе
Бірлескен жоспарлау деңгейі	Сабақтарды алдын-ала бірлесіп жоспарлау және мазмұнын үйлестіру		
Сабақтастыққа сай іс-әрекет	Тәрбиеші мен мұғалімнің сабақтастық қағидаларын тәжірибеде қолдануы		
Педагогтер арасындағы өзара әрекеттестік	Ақпарат алмасу, кеңестер, тәжірибе бөлісу		
Балалардың сабаққа қатысуы	Сабақта белсенділік, қызығушылық, ынталылық		
Сабақтағы әдістер мен құралдардың үйлесімділігі	Ойындар, тапсырмалар, зерттеу әдістерін біріктіру		

Нұсқаулық:

- ✓ 1 – төмен деңгей, 5 – өте жоғары деңгей.
- ✓ «Пікір/Ескертпе» бағанында нақты мысалдар мен ұсыныстар жазылады.
- ✓ Бағалау нәтижесі педагогикалық тандемнің тиімділігін, сабақтастыққа сай іс-әрекетті анықтауға мүмкіндік береді.

4. Практикалық қолдану мысалы

- ✓ **Кезең:** Негізгі кезең (тандем сабақтары)
- ✓ **Әрекет:** «Математика + логика» интеграциялық сабақ өткізу
- ✓ **Бақылау:** Педагогтің кестесіне 1-5 шкала бойынша бағалау, әр бала үшін даму динамикасы кестесіне мәліметтер енгізу
- ✓ **Қорытынды:** Бағалау картасы арқылы сабақтастық тиімділігін анықтау, келесі сабаққа түзетулер енгізу

9. МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ПЕН 1-СЫНЫП АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

1. Сабақтастықты ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттері

Мектепалды сынып пен бастауыш білім беру деңгейі арасындағы сабақтастық – баланың мектепке жеңіл бейімделуін, оқу әрекетіне біртіндеп көшуін және танымдық белсенділігін арттыруды қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық үдеріс. Осы тарауда ұсынылған жылдық жоспар мектепалды сынып тәрбиешісі мен 1-сынып мұғалімінің педагогикалық тандемі негізінде құрылып, оқу жылы бойы жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған.

Мақсаты:

Мектепалды сынып пен 1-сынып арасындағы оқу-тәрбие үдерісінің мазмұндық және әдістемелік бірізділігін қамтамасыз ету, баланың жазу, оқу, сөйлеу дағдыларын кезең-кезеңімен дамыту.

Міндеттері:

- ✓ баланың психологиялық және физиологиялық мектепке бейімделуін қолдау;
- ✓ жазуға дайындық пен көркем жазу дағдыларын қалыптастыруда бірізділікті сақтау;
- ✓ дыбыс–әріп, сөз–буын ұғымдарын меңгертуде сабақтастықты қамтамасыз ету;
- ✓ ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп көшуіне жағдай жасау;
- ✓ тәрбиеші мен мұғалім арасындағы кәсіби ынтымақтастықты нығайту.

Сабақтастықты іске асыру қағидаттары

Жоспарды жүзеге асыру барысында төмендегі қағидаттар басшылыққа алынады:

- ✓ **Жүйелілік пен бірізділік** – мазмұнның жас ерекшелігіне сай кезең-кезеңімен күрделенуі;
- ✓ **Үздіксіздік** – мектепалды даярлықта қалыптасқан дағдылардың бастауыш сыныпта жалғастырылуы;
- ✓ **Ойыннан оқу әрекетіне көшу** – бастауыш кезеңде де ойын технологияларын тиімді қолдану;
- ✓ **Ынтымақтастық** – педагогтердің бірлескен жоспарлау, талдау, бақылау жүргізуі;
- ✓ **Тұлғалық-бағдарлы тәсіл** – әр баланың жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Мектепалды сынып пен 1-сынып арасындағы сабақтастықтың жылдық жоспары (қыркүйек–мамыр)

Айы	Сабақтастық бағыты	Мектепалды сыныптағы жұмыс мазмұны	1-сыныптағы жалғастыру мазмұны	Бірлескен жұмыс формасы	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	Бейімделу, жазуға дайындық	Қаламды дұрыс ұстау, саусақ жаттығулары, сызықтар сызу	Жазу ережелері, көркем жазуға төселдіру	Ашық сабақ, бақылау	Баланың мектепке бейімделуі
Қазан	Ұсақ моторика, графика	Ирек, доға, тік, көлбеу сызықтар	Әріп элементтерін жазу	Практикалық жұмыс	Қол бұлшықеті дамиды
Қараша	Дыбыстық есту	Дыбысты ажырату, сөз ішінен табу	А, Р, Л, У дыбыстары	Сөздік ойындар	Дыбыс–әріп байланысы қалыптасады

Желтоқсан	Сөздік қор	Заттарды атау, сипаттау	Н, С, О дыбыстары	Суретпен жұмыс	Сөздік қоры кеңейеді
Қаңтар	Буын және сөз құрылымы	Сөзді буынға бөлу	Т, К, Қ, Ы дыбыстары	Талдау жұмысы	Сөз құрылымын меңгереді
Ақпан	Байланысты сөйлеу	Сурет бойынша әңгіме	З, М, Е, Д дыбыстары	Әңгімелесу	Ойды жүйелі жеткізеді
Наурыз	Танымдық белсенділік	Жұмбақ, жаңылтпаш	Ш, Ү, Ұ дыбыстары	Ойын технологиясы	Қызығушылық артады
Сәуір	Мәтінмен жұмыс	Мәтінді тыңдау, мазмұндау	И, Й, І, Б, Ж дыбыстары	Мәтін құрастыру	Мәтінмен жұмыс дағдысы
Мамыр	Қорытындылау	Қайталау, бекіту	Диктант, көшіру	Бірлескен бақылау	Сабақтастық нәтижесі

2. Жылдық жоспарға сәйкес айлық жоспарлар

Қыркүйек айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Мектепке бейімделу. Жазуға дайындық*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Мен – болашақ оқушымын	Мектеп туралы әңгіме	Мектеп ережелері	Әңгімелесу
2	Қаламмен дос болайық	Қалам ұстау жаттығулары	Дәптермен жұмыс	Көрсету
3	Сызықтар әлемі	Түзу, ирек сызықтар	Көркем жазу	Практикалық
4	Саусақтар жаттығады	Саусақ гимнастикасы	Жазу алдындағы жаттығу	Ойын

Қазан айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Ұсақ моторика және графикалық элементтер*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Доға мен ирек	Доға сызу	Әріп элементі	Практика
2	Тік және көлбеу	Көлбеу сызық	Әріп жазу	Көшіріп жазу

3	Сызықтан әріпке	Сызба	Әріп элементі	Салыстыру
4	Әдемі жазу	Үлгімен жұмыс	Көркем жазу	Қайталау

Қараша айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Дыбыс пен әріпке алғашқы қадам*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Дыбысты тыңдаймыз	Дыбысты ажырату	А дыбысы	Ойын
2	Сөздегі дыбыс	Сөз ішінен табу	Р, Л дыбыстары	Талдау
3	Дауысты-дауыссыз	Салыстыру	У дыбысы	Жаттығу
4	Дыбыс пен әріп	Таным	Әріп жазу	Бекіту

Желтоқсан айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Сөздік қорды дамыту*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Заттардың атауы	Атау	Н дыбысы	Сурет
2	Сипаттай білемін	Сипаттау	С дыбысы	Әңгімелеу
3	Сөздер әлемі	Топтау	О дыбысы	Жаттығу
4	Менің сөз қорым	Қайталау	Жазу	Бекіту

Қаңтар айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Сөз және буын құрылымы*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Буын деген не?	Буынға бөлу	Т дыбысы	Талдау
2	Сөз құраймыз	Буыннан сөз	К, Қ дыбысы	Құрастыру
3	Дыбыс орны	Орнын анықтау	Ы дыбысы	Жаттығу
4	Сөзді оқимын	Қайталау	Жазу	Бекіту

Ақпан айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Байланысты сөйлеуді дамыту*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Сурет сөйлейді	Әңгіме	З дыбысы	Әңгімелеу
2	Ойды жеткізу	Әңгіме құрау	М дыбысы	Талдау
3	Сөйлем құраймын	Қарапайым сөйлем	Е дыбысы	Құрастыру
4	Тілді дамытамыз	Қайталау	Д дыбысы	Бекіту

Наурыз айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Танымдық және тілдік белсенділік*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Жұмбақ әлемі	Жұмбақ шешу	Ш дыбысы	Ойын
2	Жаңылтпаш	Айту	Ү, Ұ дыбысы	Тіл дамыту
3	Мақал-мәтел	Мағынасы	Жазу	Талдау
4	Білімді бекіту	Қайталау	Жаттығу	Бекіту

Сәуір айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Мәтінмен жұмыс және шығармашылық*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Мәтінді тыңдаймын	Тыңдау	И дыбысы	Мазмұндау
2	Мәтін құраймын	Әңгіме	Й, І дыбысы	Құрастыру
3	Шығармашылық	Сурет	Б, Ж дыбысы	Байланыстыру
4	Өз ойым	Қорғау	Жазу	Бекіту

Мамыр айына арналған айлық жоспар

Айлық тақырып: *Қорытындылау және бекіту*

№	Сабақ, ҮІӨ тақырыбы	Мектепалды сыныптағы мазмұн	1-сыныптағы жалғастыру	Сабақтастық әдісі
1	Білгенімді қайталаймын	Қайталау	Көшіру	Бақылау
2	Әріптерді танимын	Таным	Сөздік диктант	Бағалау
3	Мен жаза аламын	Жаттығу	Диктант	Қорытынды
4	Оқушы болдым	Рефлексия	Қорытынды сабақ	Талдау

Күтілетін педагогикалық нәтижелер

Жылдық жоспарды жүйелі іске асыру нәтижесінде:

- ✓ бала мектепалды даярлықтан бастауыш сыныпқа **психологиялық тұрғыдан дайын** болып өтеді;
- ✓ жазу және оқу дағдылары **қиындықсыз қалыптасады**;
- ✓ дыбыс–әріп, сөз–буын ұғымдары **берік меңгеріледі**;
- ✓ педагогтердің өзара әрекеттестігі **әдістемелік тұрғыда нығаяды**;
- ✓ сабақтастықтың тиімді моделі қалыптасады.

Әдістемелік ұсыныстар

- ✓ Ай сайын тәрбиеші мен мұғалімнің **бірлескен отырысын** ұйымдастыру;

- ✓ Ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу тәжірибесін енгізу;
- ✓ Балалардың даму динамикасына **мониторинг жүргізу**;
- ✓ Ата-аналармен сабақтастықты түсіндіру бағытында жұмыс жүргізу.

3. Айлық жоспар бойынша мектепалды сынып пен бастауыш сынып педагогтерінің бірлескен (тандемдік) жұмысында қолдануға арналған конспекттер

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ

Тақырыбы: **Мектепке бейімделу және жазуға дайындық**

(Мектепалды сынып пен 1-сынып педагогтеріне арналған тандемдік сабақтар)

Айдың жалпы мақсаты:

Балаларды мектепке бейімдеу, өздерін оқушы ретінде сезіну, жазуға дайындық, ұсақ моториканы дамыту, қаламмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

№1. «Мен – болашақ оқушымын»

Сабақ ұзақтығы: 25–30 минут

Сабақтастық бағыты: танысу → ойлау → өз ойын айту

Мақсаты:

Баланың мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыру, мектеп ұғымымен таныстыру.

Міндеттері:

- **Мектепалды сынып:** мектеп туралы қарапайым түсінік қалыптасады, өз сезімін білдіреді.
- **1-сынып:** мектеп өмірі мен ережелерін талдайды, тыңдау және жауап беру дағдыларын дамытады.
- **Ортақ:** эмоционалды бейімделуді қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер:

- мектеп туралы түсінік қалыптасады;
- өзін оқушы ретінде сезінеді;
- тыңдау және жауап беру дағдылары дамиды.

Әдіс-тәсілдер:

әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрнекілік, ойын.

Құрал-жабдықтар:

